

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Хайрулла Ақниет Бахтыбекқызы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша кадастрлық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру

Научный руководитель: Толеужан Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 0

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 0

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата



Заведующий кафедрой

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Хайрулла Ақниет Бахтыбекқызы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша кадастрлық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру

Научный руководитель: Төлеужан Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 0

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 0

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 30.05.2022

проверяющий эксперт

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жұмыс
(жұмыс түрінің атауы)

Хайрулла Ақниет
(аты, жөні тегі)

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»
(БББ шифры, атауы)

Тақырыбы: Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша кадастрлық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру

Аяқталды:

- А) графикалық бөлімі 20 сызбадан;
В) түсініктеме қағаз 37 парақтан тұрады.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС БОЙЫНША ЕСКЕРТУЛЕР

Хайрулла Ақниет Бахтыбекқызының дипломдық жұмысы жер кадастрын ұйымдастыру саласындағы өзекті мәселені қарастырады. Жұмыста теориялық негіздер мен Қазақстан Республикасының заңнамаларына сүйене отырып, нақты жобалық аумақта жүргізілген кадастрлық жұмыстар жан-жақты сипатталған.

Жұмыс барысында жерге қатысты келіспеушіліктер, жайылым тапшылығы және цифрлық кадастр жүйелерін енгізу мәселелері және геодезиялық өлшеулер, цифрлық карта жасау, кадастрлық құжаттарды рәсімдеу, жер пайдалануды құрылымдау сияқты маңызды аспектілерді нақты әрі жүйелі түрде талдаған. Заманауи бағдарламалық қамтамасыз етуді (MapInfo, AutoCAD Civil 3D) тиімді пайдалану арқылы студент жобалаудың барлық кезеңдерін сәтті орындаған.

Жұмысты бағалау

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, Хайрулла Ақниет дипломдық жұмысы дипломдық жұмысты жазуға қойылатын талаптарын қанағаттандырады, мамандыққа сәйкес келеді және 95%–ға бағаланады, ал жұмыстың авторы 6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін беруге лайық деп санаймын. Жұмыс мазмұны мен құрылымы талаптарға сай келеді, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік мәні бар, қорғауға ұсынылады.

Қол беруші: Әл-Фараби атындағы
ҚазҰТУ т.б.к. доцент
Т.Д. Джоламанов



ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Дипломдық жұмыс

(жұмыс түрінің атауы)

Хайрулла Ақниет Бахтыбекқызы

(аты, жөні тегі)

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

(мамандық шифры, атауы)


Тақырыбы: Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша кадастрлық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру

Хайрулла Ақниет Бахтыбекқызының дипломдық жұмысы заманауи жерге орналастыру және кадастр саласындағы өзекті тақырыптардың біріне арналған. Жұмыс мазмұны ғылыми және практикалық жағынан маңызды, құрылымы жүйелі, мазмұны терең, кәсіби деңгейде орындалған.

Студент өз жұмысында жер кадастры мен оны ұйымдастырудың теориялық негіздерін ашып, нақты практикалық мысал – Сарыағаш ауданы, Жартытөбе ауылдық округіндегі спорт-сауықтыру кешеніне қатысты жер учаскесінде орындалған кадастрлық жұмыстарды сипаттады. GPS және тахеометр құралдары арқылы жүргізілген геодезиялық түсірілім, координаттарды анықтау, топографиялық жоспар құру және MapInfo, AutoCAD Civil 3D бағдарламаларын қолдану – студенттің кәсіби даярлығының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Дипломдық жұмыс қойылатын талаптарды қанағаттандырады, мамандыққа сәйкес келеді және 95%–ға бағаланады, ал жұмыстың авторы Хайрулла Ақниет Бахтыбекқызы 6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Жетекші: т.ғ.к., профессор



Т.Б. Нурпеисова

« 02 »

06

2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы Тау-кен – металлургия институты
«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Хайрулла Ақниет Бахтыбекқызы

«Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша кадастрлық жұмыстарды жоспарлау және
ұйымдастыру»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты


«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

6В07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Маркшейдерлік іс және геодезия»
кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.к., Ғылым профессор

 Г. Мейрамбек

" 12 " 06 2025 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: : «Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша кадастрлық жұмыстарды
жоспарлау және ұйымдастыру»


6В07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Орындаған

Хайрулла А.Б.



Рецензент
Өл. Фараби атындағы
ҚазҰУ т.ғ.к. доцент

 Жоламанов Т.Д.
2025 ж

Ғылыми жетекші
т.ғ.к., профессор

 Нурпенсова Т.Б.
" 02 " 06 2025 ж

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік және геодезия» кафедрасы

6B07304 – «Геоинженерлік цифрлық инженерия»

БЕКІТЕМІН

«Маркшейдерлік және геодезия»
кафедрасының меңгерушісі,
Т.ғ.к., а.ғ.м. профессор

 Г. Мейрамбек

" 12 " 06 2025 ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: *Хайрулла Ақниет Бахтыбекқызы*

Тақырыбы: «Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша кадастрлық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру»

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бұйрығының № 26-П/Ө «29» қаңтар 2025 ж. бекітілген

Орындалған жұмыстың өткізу мерзімі: «09» *маусым* 2025 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: Оқу барысында алынған теориялық материалдар мен тәжірибеден өту барысында жинақталған мәліметтер.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) *Сарыағаш ауданы бойынша жер кадастр бөлімін ұйымдастыру*

б) *Кадастрлық жұмыстарды жоспарлау*

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар көрсетілген):

Autocad, Iecageo, жер кодексі, сызықтық және геометриялық материалдар.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 14 атаулардан.

1 Қазақстан Республикасының Жер кодексі. – Астана: Юридическая литература, 2024 ж. – 156 б.

2 Қазақстан Республикасының “Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы” заңы. – Астана, 2023 ж. – 42 б.

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданыны бойынша жалпы мәліметтер	20.03.2025 ж.	-
Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру	18.04.2025 ж.	-
Сарыағаш ауданындағы спорт кешенін жобалау кезіндегі инженерлік геодезиялық жұмыстар	23.05.2025 ж.	-

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға қатысты диплом жобасының бөлімдерінің
кеңесшілерінің және қалып бақылаушыларының
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданыны бойынша жалпы мәліметтер	Нурпеисова Т.Б., т.ғ.к., профессор	20.03.2025 ж.	
Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру	Нурпеисова Т.Б., т.ғ.к., профессор	18.04.2025 ж.	
Сарыағаш ауданындағы спорт кешенін жобалау кезіндегі инженерлік геодезиялық жұмыстар	Нурпеисова Т.Б., т.ғ.к., профессор	23.05.2025 ж.	
Норма бақылаушы	Тоқтар М., PhD докторы, қауым. профессор	02.06.2025.	

Ғылыми жетекшісі



Нурпеисова Т.Б.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды



Хайрулла А. Б.

Күні «10» 02 2025ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыс: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы аумағындағы жер кадастрлық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру мәселелері қарастырылған. Ауданның табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері ескеріле отырып, кадастр процестерін тиімді басқару жолдары ұсынылады. Жұмыс барысында жерге қатысты келіспеушіліктер, жайылым тапшылығы және цифрлық кадастр жүйелерін енгізу мәселелері талданған. Сондай-ақ, Жартытөбе ауылдық округіндегі спорт кешенін жобалау мысалында инженерлік-геодезиялық жұмыстардың тәжірибелік кезеңдері сипатталған. Жұмыс нәтижелері жер ресурстарын тиімді басқаруға және кадастрлық қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа: рассмотрены вопросы планирования и организации земельных кадастровых работ на территории Сарыагашского района Туркестанской области. Предлагаются пути эффективного управления кадастровыми процессами с учетом природно-климатических, социально-экономических особенностей района. В ходе исследования были проанализированы разногласия по поводу земли, дефицит пастбищ и вопросы внедрения цифровых кадастровых систем. Также описаны практические этапы инженерно-геодезических работ на примере проектирования спортивного комплекса в Жартытобинском сельском округе. Результаты работы направлены на эффективное управление земельными ресурсами и повышение качества кадастровой деятельности.

ANNOTATION

Graduation work: issues of planning and organization of land Cadastral works on the territory of Saryagash district, Turkestan region are considered. Ways of effective management of cadastral processes are proposed, taking into account the natural, climatic, socio-economic characteristics of the district. In the course of the study, issues of land disputes, pasture shortages and the introduction of digital cadastre systems were analyzed. Also, the experimental stages of engineering and geodetic work on the example of the design of a sports complex in Zharytobe rural district are described. The results of the work are aimed at effective management of land resources and improving the quality of cadastral services.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданыны бойынша жалпы мәліметтер	8
1.1	Сарыағаш ауданының табиғи климаттық жағдайлары	8
1.2	Сарыағаш ауданындағы экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер	11
1.3	Сарыағаш ауданындағы жерге қатысы келіспеушіліктер	13
2	Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру	14
2.1	Жер кадастрлық жұмыстарды жүйелеудің маңызы мен даму тарихы	14
2.2	Жер кадастрлық процестерді басқарудың әдістері	18
2.3	Жер кадастры жұмыстарын тиімді жоспарлап, үйлестіру	20
3	Сарыағаш ауданы бойынша жер кадастр бөлімін жоспарлау және ұйымдастыру	24
3.1	Сарыағаш ауданындағы спорт кешенін жобалау кезіндегі инженерлік геодезиялық жұмыстар	24
3.2	Ішкі шаруашылық жерге орналастыру	28
3.3	Кадрлар балансы	33
	Қорытынды	36
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	37

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы аграрлық және экономикалық реформалар кезеңінде жер ресурстарын тиімді басқару, оларды ұтымды пайдалану мен қорғау – ұлттық деңгейде өзекті мәселелердің бірі. Осы бағытта жер кадастры – жер учаскелеріне қатысты ақпараттарды жинау, тіркеу, бағалау және талдау жұмыстарын жүзеге асыратын маңызды жүйе ретінде танылып отыр. Жер кадастрлық ақпараттар тек ауыл шаруашылығында ғана емес, сонымен қатар инфрақұрылымдық, инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жоспарлауда да шешуші рөл атқарады.

Қазақстан Республикасында жер реформаларын іске асыру барысында кадастрлық жұмыстардың маңыздылығы артты. Жерге меншік құқығының берілуі, жер пайдалану шекараларының нақтылануы және жер ресурстарының экономикалық бағалануы жер кадастрлық жүйенің дәлдігі мен тиімділігіне тікелей байланысты. Бұл тұрғыда өңірлік деңгейде жүргізілетін кадастрлық шаралардың сапасы мен мазмұны ерекше назарда болуы тиіс.

Сол себепті, Түркістан облысына қарасты Сарыағаш ауданы мысалында жер кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыру мен жоспарлау өзектілігімен ерекшеленеді. Сарыағаш ауданы - табиғи ресурстары бай, ауыл шаруашылығына қолайлы климаттық жағдайға ие өңір. Соңғы жылдары бұл аумақта халық санының артуы, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерліктің жандана түсуі жерге деген сұранысты күрт арттырды. Нәтижесінде жер қатынастары саласында түрлі келіспеушіліктер мен даулы жағдайлар жиілеп отыр. Мұндай жағдайда кадастрлық мәліметтердің толықтығы мен анықтығы – жер дауларын болдырмаудың, құқықтық қатынастарды реттеудің және басқару шешімдерін қабылдаудың басты шарты болып табылады.

Сонымен қатар, Сарыағаш ауданында инфрақұрылымдық нысандар салу, оның ішінде спорт кешендерін, тұрғын үй массивтерін, ауыл шаруашылығы бағытындағы өндірістік кешендерді жобалау барысында инженерлік-геодезиялық жұмыстарды дәл және үйлесімді жүргізудің қажеттілігі туындайды. Бұл процесстердің барлығы кадастрлық жоспарлау мен жерге орналастыру шараларымен тығыз байланысты.

1 Түркістан облысы, сарыағаш ауданыны бойынша талдау жұмыстары

1.1 Сарыағаш ауданының табиғи климаттық жағдайлары

Түркістан облысы - Қазақстан Республикасының оңтүстік аумағында орналасқан әкішілік-аумақтық бірлік. Ол 1932 жылы құрылған. 1962 жылдан 1992 жылға дейін Шымкент облысы деп аталып, кейіннен 2018 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облысы атауымен белгілі болды. 2018 жылы облыс орталығы Шымкенттен Түркістанға көшірілді, өйткені Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала мәртебесін алып, облыс құрамынан шығарылды.

Облыстың алып жатқан аумағы 11 608,6 мың гектарды құрайды. Тұрғындар саны 2025 жылғы 1 ақпандағы мәлімет бойынша 2 154,1 мың адамды құрайды. Оның ішінде қалалықтар - 542,3 мың адам, ауылдықтар - 1 611,8 мың адам. Түркістан облысының орталығы - Түркістан қаласы. Облыс географиялық тұрғыдан солтүстігінде Ұлытау облысымен, шығысында Жамбыл облысымен, ал оңтүстігінде Өзбекстан республикасымен шектеседі. Әкімшілік құрылымы 14 ауданнан, 4 қалалық әкімдіктен, 7 қаладан, 13 кенттен, 171 ауылдық округтен және 932 ауылдан тұрады.

Сарыағаш ауданы - Түркістан облысының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік аумақтық бірлік. Бастапқыда 1928 жылы Келес ауданы ретінде құрылған, ал 1939 жылдан бастап қазіргі атауымен белгілі. Аудан орталығы – Сарыағаш қаласы. 2024 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтерге қарағанда, аудан тұрғындарының жалпы саны 221 681 адамды құрайды, 112 277 оның ішінде ер адам және 109 404 әйел адам (1-сурет).




1- сурет – Сарыағаш ауданының жылдар бойынша халық саны

Диаграммада Сарыағаш ауданындағы халық санының 2020-2024 жылдар аралығындағы өзгерісі көрсетілген. Берілген мәліметтер халық санының жыл сайын артып келе жатқанын байқатады.

2020 жылы аудан халқы шамамен 215 000 адамды құраған. Ал 2021 жылы бұл көрсеткіш 217 500-ге дейін өссе, 2022 жылы 218 500-ге жеткен. 2023 жылы тұрғындар саны 219 923 адамға дейін көбейіп, 2024 жылы 221 681 адамға жеткен. Графиктегі сызықтың тұрақты жоғарылау үрдісі халық санының бірқалыпты өсіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл демографиялық өсім табиғи туу көрсеткішінің жоғары болуымен және көші-қон факторларымен байланысты болуы мүмкін. Жалпы, Сарыағаш ауданының халқы жылдан жылға ұлғайып, тұрақты өсім динамикасын көрсетіп отыр.

Диаграмма Сарыағаш ауданы халқының этникалық құрамын нақты сандармен көрсетеді. 2024 жылғы мәліметтер бойынша, ауданның жалпы тұрғын саны 221 681 адамды құрайды. Ауданда ең көп қоныстанған халық - қазақтар, олардың саны шамамен 190 мың адамға жуық. Тәжіктердің саны 11 мыңнан асады, ал өзбек ұлтының өкілдері шамамен 6 200 адамды құрайды. Сонымен қатар, әзербайжандар - 3 700, түріктер - 3 000, орыстар - 2 400, татарлар - 1 600, ұйғырлар - 1 500, ал басқа ұлт өкілдері - 2 200 адам шамасында (2-сурет).



2-сурет – Сарыағаш ауданы бойынша халықтың ұлттық құрамы

Бұл көрсеткіштер аудан халқының басым көпшілігін қазақтар құрайтынын көрсетеді. Сонымен бірге, мұнда тәжіктер, өзбектер, әзербайжандар және басқа да ұлт өкілдері біршама санмен шоғырланған. Жалпы, Сарыағаш ауданы көпұлтты өңірлердің бірі болып саналады. Ауданда 154 елді мекен орналасқан, 1 олар қалалық 1 кенттік және 24 ауылдық округке біріктірілген.

Географиялық ерекшеліктеріне келетін болсақ, Ауданның жер бедері негізінен жазықтан тұрады, бірақ Белтау (592м) және Қауынбаймолда жоталары сияқты биіктіктер кездеседі.

Сарыағаш ауданы Қазақстанның оңтүстік бөлігінде, Түркістан облысының аумағында орналасқан. Ол республиканың шекаралас аймағында орналасып, оңтүстігінде Өзбекстан Республкасымен, солтүстігінде Келес ауданымен, шығысында Қазығұрт ауданымен, батысында Қаратау жоталарымен шектеседі (3-сурет).



3-сурет – Сарыағаш ауданының картадағы көрінісі

Ауданның географиялық орналасуы қоңыржай континентті климат болып келеді. Мұнда Жазы ұзақ әрі ыстық, шілде айында ауа температурасы $+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін көтерілуі байқалады. Қысы салыстырмалы түрде жұмсақ, кейде ауа температурасы -5°C пен -10°C аралығында болады, бірақ кей жылдары аяз -20°C -қа дейін түсуі мүмкін. Жылдық жауын-шашын мөлшері 250-500 мм шамасында. Бұл мөлшер суармалы егіншілікпен айналысуға қолайлы жағдай жасайды. Сарыағаш ауданының аумағында Келес, Сырдария және бірнеше шағын өзендер ағып өтеді. Бұл өзендер ауданның ауыл шаруашылығы үшін негізгі су ресурстарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл өңір минералды су көздерімен танымал. Аудан аумағында орналасқан «Сарыағаш» минералды суы - еліміздегі ең танымал емдік-сауықтыру суларының бірі саналады.

1.2 Сарыағаш ауданындағы экономикалық және әлеуметтік көрсеткіште

Сарыағаш ауданының негізгі экономикалық жағдайы ауыл шаруашылығына бағытталған. Мұнда егін өсіру мен мал шаруашылығы кеңінен тараған. Ауданда егіншіліктің бірнеше түрі дамыған, соның ішінде жеміс-жидектер мен көкөністер басты өнімдер қатарында. Ауданда өсірілетін жүзім, өрік, алма сияқты дақылдар үлкен сұранысқа ие, олардың көпшілігі экспортқа шығарылады. Сонымен қатар, мақта мен бидай да айтарлықтай көлемде егіледі. Мал шаруашылығы да дамып келе жатқан сала, оның ішінде сүт өнімдері, ет және жүн өндірісі маңызды орын алады. Сарыағаштың табиғи жағдайы мал өсіруге қолайлы, сондықтан бұл сала аудан экономикасының маңызды бөлігі болып табылады.


Сарыағаш ауданы бойынша өнеркәсіптің ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу саласы қарқындап дамуда. Мысалы, аудан бойынша жүздеген тонна жеміс-жидектер мен көкөністер жыл сайын консервіленіп, шырындар мен басқа да өнімдерге өңделеді. Ет және сүт өнімдерін қайта өңдейтін бірнеше кәсіпорын өз өнімдерін жергілікті нарыққа ғана емес, көрші елдерге де шығарады. Ауданда 100-ге жуық шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейді, олардың көбісі сауда және қызмет көрсету саласында белсенді. Әсіресе азық-түлік дүкендері, кафе, мейрамханалар мен басқа да қызмет көрсету орындары өз тиімділіктерін арттырды. Бұған қоса, ауданның кәсіпкерлері арасында халықаралық сауда саласында жұмыс істейтіндер де бар, олар негізінен ауылшаруашылық өнімдерін экспорттау бойынша қызмет етеді.

Сарыағаш ауданында ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік саласын дамыту мақсатында бірнеше мемлекеттік бағдарлама жұмыс істейді. «Ауыл шаруашылығын қолдау» бағдарламасы жергілікті кәсіпкерлерге өнімдерді өңдеуге субсидиялар мен гранттар ұсынады. Ал «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шағын және орта бизнестің дамуына арналған, ол кәсіпкерлерге несиелер мен субсидиялар арқылы қолдау көрсетеді. «Өнімді жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы жұмыссыздарды кәсіпкерлікке тартуға, ал «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы азық-түлік және құрылыс материалдарын өндіруді қолдауға бағытталған. «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы жаңа жұмыс орындарын ашуға көмектеседі, Шағын және орта бизнесті дамыту гранттары болса жаңа жабдықтар мен технологиялар сатып алуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалар аудан экономикасын дамытуға және кәсіпкерлік секторын қолдауға әсер етеді.

Бұл тұрғыда аграрлық сектордың тұрақты дамуы тек экономикалық мәселе ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік және экологиялық мәселе ретінде де қарастырылады. Соңғы жылдары ауданда ауыл шаруашылығын жаңғыртудың бірқатар кешенді жоспарлары жүзеге асырылды. Олардың ішінде «Бір жер, үш өнім» жобасы ерекше орын алады. Бағдарлама ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану арқылы өнім көлемін арттыруға бағытталған. Схема аясында

жүздеген шаруа егінді бірнеше айналыммен егіп, жақсы өнім алуда. Бұл шаралар азық-түлік құнын төмендетіп, ішкі нарықта тұрақты ұсынысты қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту тек егістікпен ғана шектеліп қалмай, заманауи жылыжайлар мен қарқынды көкөніс бақшаларын салуды да қамтиды. Мысалы, республикадағы жылыжай шаруашылығының 60 пайызға жуығы Сарыағаш ауданында шоғырланған (4-сурет).



4-сурет – Сарыағаш ауданының мал шаруашылығының көрінісі

Мал шаруашылығы халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуда, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып, облыс экономикасының жетекші салаларының біріне айналды.

Сарыағаш ауданында соңғы жылдары мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Бұл үдеріс мемлекеттік қолдау шараларының, атап айтқанда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидиялар мен жеңілдетілген несиелердің нәтижесі болып табылады. Өңірдегі шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер ірі қара, ұсақ мал, жылқы, түйе, құс өсірумен айналысады. 2022 жылғы ресми мәлімет бойынша Сарыағаш ауданында ірі қара 61417, ұсақ мал 465369, жылқы 19660, түйе 117, құс 523601 басқа жеткен. Бұл көрсеткіштер облыстың ауыл шаруашылығы құрылымында мал шаруашылығының маңыздылығын көрсетеді.

Малдың өнімділік көрсеткіштері де жылдан-жылға тұрақты түрде жақсарып келеді. Оның ішінде ет өндіру (тірі салмақта) 12079,3 тоннаға, сүт өндіру 47468,8 тоннаға жетті. Сондай-ақ, құс шаруашылығы да тамаша жетістіктерге жетіп, жылдық жұмыртқа өндірісі 88,1 миллион данаға жетті. Бұл өнімдер облыс тұрғындарының сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, аймақтық және республикалық азық-түлік нарықтарын қамтамасыз етеді.

1.3 Сарыағаш ауданындағы жерге қатысы келіспеушіліктер

Сарыағаш ауданында ауылшаруашылық жерлері жеткілікті болғанымен, жерді пайдалану өте әртүрлі. 2022 жылы облыстағы жалпы ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі 294 579 гектарға жетті. Бірақ кейбір жер учаскелері құрылыс немесе коммерциялық мақсатта пайдалану үшін өзгертіліп, бұл өз кезегінде жергілікті тұрғындар мен шаруалардың наразылығын тудырды. Шаруалар жердің дұрыс пайдаланылмай жатқанын, құрылысқа пайдаланылатын жердің ауыл шаруашылығы өндірісінің қажеттілігін өтей алмайтынын айтып шағымданады. Жерді беруді жекешелендірудің құқықтық негіздері мен оны нақты жүзеге асыру арасында алшақтық бар, бұл жер пайдаланушылар арасында дау тудырды.

Сарыағаш өңірінде жайылымдық жер тапшылығы күрделі мәселе. 2022 жылғы мәліметтер бойынша облыстағы жалпы жайылымдық жер көлемі 294 579 гектар болса да, ауыл шаруашылығына қажетті жайылымдық жер көлемі 1 673 636 гектар болуы керек. Мал шаруашылығына жер ресурстары жетіспейді. Мал басын көбейту үшін жайылымдық жер көлемін ұлғайту қажет, өйткені малға табиғи жем-шөптің болуы олардың өнімділігіне әсер етеді. Бұл мәселелер мал шаруашылығын дамытуға кедергі келтіріп, ауыл шаруашылығына қажетті ресурстарды тиімді пайдалануды қиындатады.

Сарыағаш өңіріндегі жерді жекешелендіру мәселесі де көп дау тудырды. 2022 жылғы мәліметтер бойынша облыстағы жердің 60% пайыздан астамы жеке меншікте, бұл жер пайдаланушылардың өз құқықтарын жүзеге асыруын қиындатады. Жерді сатып алу немесе беру процесі көбінесе бюрократиялық кедергілер мен ұзақ рәсімдерге толы. Сонымен қатар, жердің жеке меншікке берілуі жер ресурстарын басқаруды қиындатып, ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалануға кедергі келтірді. Жерді жеке меншікке беру кезінде әкімшілік қателіктер орын алуы мүмкін, бұл даулар мен сот тартыстарына әкеледі.

Осы мәселелерді шешу үшін кейбір стратегиялық және басқарушылық шараларды қабылдау қажет. Ең алдымен, жерді пайдалануға байланысты түгендеу жұмыстарын жүргізу арқылы жерді дұрыс пайдаланбауды анықтау қажет. Сонымен қатар, жайылымдарды басқарудың аймақтық жоспарларын құру және су көздерін қалпына келтіру арқылы жайылымға қолайлы жартылай шөлдер құру жобаларын жүзеге асыру қажет.

Сондай-ақ, жер қатынастары саласындағы әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру, жерді бөлу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, аукциондар мен тендерлердің әділдігін арттыру өзекті болып табылады. Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі құқықтық сауаттылықты арттыру тетігін құру және жер пайдаланушылардың құқықтарын қорғау үшін жер қатынастары мәселелері бойынша тегін консультациялар беру болып табылады.

2 Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру

2.1 Жер кадастрлық жұмыстарды жүйелеудің маңызы мен даму тарихы

Жер кадастрлық жұмыстары - мемлекеттің жер қорын тиімді және мақсатты пайдалануын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі. Бұл жүйенің негізінде нақты және дәл ақпараттарға сүйеніп, жерге қатысты құқықтық, экономикалық және табиғи-шаруашылық сипаттағы мәліметтер жиналып, жүйеленеді. Жер кадастры мемлекеттің жер саясатын жүргізу құралы ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтарын қорғаудың, жер қатынастарын реттеудің, салық салу мен жоспарлау үдерістерін тиімді ұйымдастырудың негізі болып табылады. Осыған байланысты, жер кадастрлық жұмыстарды жүйелеудің маңызы жылдан-жылға артып келеді.

Кадастрлық жүйелеу дегеніміз – жер туралы барлық мәліметтерді біртұтас жүйеге келтіру, оларды нақты құрылымға бөліп, тіркеу, өңдеу және сақтау. Бұл мәліметтерге жер учаскесінің көлемі, орны, шекаралары, мақсатты пайдаланылуы, топырақ сапасы, құқықтық мәртебесі, меншік иесі туралы ақпараттар кіреді. Жер кадастрының бұл жүйеленген құрылымы жер ресурстарын ұтымды пайдалануға, жер дауларының алдын алуға, жер нарығының ашық әрі әділетті жұмыс істеуіне жол ашады.

Жер кадастры адамзат өркениетінің дамуының алғашқы кезеңдерінен-ақ қалыптаса бастаған. Жерге иелік ету, салық салу және жерді тиімді пайдалану қажеттілігі ерте замандардан бастап жерді есепке алудың жүйелерін дамытуға себеп болды. Ежелгі Мысырда, мысалы, Ніл өзенінің маусымдық тасуы салдарынан жер шекаралары жиі бұзылатын болған. Сондықтан жер учаскелерін қайта өлшеу мен тіркеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Бұл әрекеттер салық жүйесінің негізі ретінде қолданылып, алғашқы кадастрлық карталар жасалған. Рим империясы кезеңінде жерге меншік құқығы нақты анықталып, арнайы кадастрлық жазбалар жүргізілген. Жер учаскелері туралы мәліметтер мемлекет қазынасына салық жинау, әскери қызметті ұйымдастыру және жер ресурстарын әділ бөлу үшін пайдаланылды. Бұл тәжірибе орта ғасырларда Еуропа елдерінде кең таралып, феодалдық жер иеліктерін есепке алу мақсатында әр түрлі кадастрлық кітаптар мен жазбалар жүргізілді. Жаңа заманда жер кадастрлық жүйелердің құқықтық және техникалық базасы жетілдіріле бастады. Францияда Наполеон Бонапарт кезінде мемлекеттік кадастр құрылып, бүкіл ел аумағындағы жерлер картаға түсірілді. Германияда, Австрияда және басқа да Еуропа елдерінде біртұтас кадастрлық жүйелер жасалып, жерге меншік құқығын тіркеу мен жер салығын есептеу тәртіптері реттелді.

Қазақстандағы жер кадастрының даму тарихы Кеңес Одағы кезеңімен тығыз байланысты. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін жеке меншік жойылып, барлық жер мемлекеттік меншікке өтті. Бұл жағдай жер кадастрын жаңа талаптарға бейімдеп, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қажеттіліктеріне жауап беру мақсатында қайта құруға алып келді.

1920-30 жылдары ауыл шаруашылығы жерлерін есепке алу, топырақ сапасын анықтау, суармалы және тәлімі жерлерді картаға түсіру жұмыстары басталды. Бұл жұмыстар негізінен аграрлық реформаларды жүзеге асыру, колхоздар мен совхоздардың аумағын белгілеу және өндірістік қуаттылықты анықтау мақсатында жүргізілді. Кеңес үкіметі кезеңінде әрбір шаруашылық бірлігіне арналған жер көлемі, оның пайдалану бағыты мен өнімділігі міндетті түрде кадастрлық жазбаға енгізілетін.

1950-70 жылдары инженерлік-геодезиялық құралдармен толықтырылған жерге орналастыру жұмыстары кең көлемде жүргізілді. Жердің құнарлылығын анықтауға арналған топырақтық зерттеулер, аэрофототүсірілімдер мен топографиялық карта жасау секілді күрделі жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде Қазақстанда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің кадастрлық есебі толығымен жүргізілді деуге болады. Дегенмен, бұл кадастрлық жүйе орталықтандырылған басқаруға бағынышты болғандықтан, жерді жекелеген меншік объектісі ретінде тануға жол берілмеді.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде кадастрды жүйелеу: 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, жерге меншік нысандары өзгеріп, жекешелендіру процесі басталды. Бұл өз кезегінде кадастрлық жүйені түбегейлі реформалауды талап етті. 1995 жылы қабылданған ҚР Жер кодексі жерге жеке меншік құқығын енгізіп, оны заңдастыру үшін жер кадастрлық мәліметтердің ашық әрі дәл болуын міндеттеді.

1996 жылы «Мемлекеттік жер кадастры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, барлық жер учаскелері бойынша мәліметтер бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйеге енгізіле бастады. Бұл жүйе мемлекеттік тіркеу, жер салығын есептеу, жер учаскесіне құқық беру және басқа да қызметтерді орындауға мүмкіндік берді. Осы кезеңнен бастап геоақпараттық технологиялар ендіріле бастады, соның ішінде спутниктік навигация, электронды карта жасау, автоматтандырылған есеп жүйелері. 2000 жылдардан бастап цифрландыру процесі күшейе түсті. Е-лицензиялау, электронды мемлекеттік қызметтер, ашық кадастрлық порталдар арқылы азаматтар мен ұйымдар өз жер учаскелері бойынша ақпарат алуға мүмкіндік алды. Бұл кадастр жүйесінің ашықтығын, қолжетімділігін және тиімділігін арттырды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік бақылауды күшейту бағытында үлкен өзгерістер орын алды.

Қазіргі таңда Қазақстанда жер кадастрын одан әрі жетілдіру қажеттілігі айқын байқалады. Көптеген өңірлерде жерге қатысты даулар, жайылым тапшылығы, жердің дұрыс пайдаланылмауы секілді проблемалар жиі кездеседі. Мұның басты себептерінің бірі – кадастрлық мәліметтердің толық емес, немесе ескірген болуы. Осы орайда, жаңа буын кадастрлық жүйелерді – цифрлық кадастр, блокчейн негізіндегі тіркеу, дрон арқылы мониторинг жүргізу секілді инновациялық әдістерді енгізу қажеттігі туындап отыр.

Бұдан бөлек, Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында геоақпараттық жүйелерді жетілдіру, 3D кадастр жүйесіне көшу, жерді қашықтан

зондтау технологияларын енгізу жұмыстары жүргізілуде. Бұл қадамдар жер ресурстарын нақты әрі тиімді басқаруға мүмкіндік береді (1-кесте).

Кесте-1 Онлайн кадастрлық қызметтердің артықшылықтары мен кемшіліктері

Ұқсастық аспектісі	Артықшылық ретінде	Кемшілік ретінде
Қолжетімділік	Интернет арқылы кез келген жерден қызмет алуға мүмкіндік береді	Цифрлық сауаттылық немесе интернет қолжетімділігі төмен болса – қиындық тудырады
Жылдамдық және тиімділік	Процестің жылдам жүруі, уақытты үнемдеу	Жүйелік ақаулар немесе техникалық кідірістер – уақыт жоғалтуға себеп болуы мүмкін
Құжат айналымы	Қағазбастылық азайып, құжаттар цифрлы форматта сақталады	Электронды форматта бәрі бола бермейді – кейде қағаз құжат талап етіледі
Процестің ашықтығы	Транспаренттілік артып, пайдаланушы процесті бақылай алады	Дерек толық емес болса немесе жаңартылмаса – жүйенің сенімділігі төмендейді

Онлайн кадастрлық қызметтердің артықшылықтары мен кемшіліктері арасында белгілі бір ұқсастықтар бар, олар көбінесе бір құбылыстың екі қыры ретінде қарастырылады. Яғни, белгілі бір функция дұрыс жұмыс істеген жағдайда - бұл артықшылық болып көрінеді, ал егер сол функцияда ақау немесе шектеу болса - ол кемшілік ретінде байқалады.

Мысалы, қолжетімділік жағынан алғанда, интернет арқылы елдің кез келген нүктесінен қызметке қол жеткізу - үлкен артықшылық. Алайда, бұл артықшылық тек интернет желісі мен цифрлық сауаттылығы жоғары азаматтар үшін ғана тиімді. Ауыл тұрғындары немесе егде жастағы адамдар үшін интернетке қосылу немесе жүйені пайдалану қиындық туғызуы мүмкін. Демек, бұл артықшылық - кейбір жағдайларда кемшілікке айналып кетеді.

Сол сияқты, уақыт үнемдеу де онлайн қызметтердің басты артықшылықтарының бірі саналады. Жер учаскесін тіркеу немесе құжат алу секілді рәсімдер бұрын бірнеше күн, тіпті апта алса, қазір бірнеше минут ішінде онлайн түрде орындалады. Алайда, техникалық ақаулар, жүйенің баяу жұмыс істеуі немесе порталдың істен шығуы секілді жағдайлар бұл процесті керісінше, кідіріс пен ынғайсыздыққа ұшыратады.

Қағазбастылықтың азаюы мен электрондық құжаттармен жұмыс істеу - заманауи кадастрлық жүйенің оң тұстарының бірі. Бұл құжаттарды сақтау, іздеу, тасымалдау сияқты процестерді жеңілдетеді. Бірақ кейбір мемлекеттік немесе құқықтық рәсімдер әлі де қағаз түріндегі дәлелді құжаттарды талап етеді. Бұл - цифрлы жүйенің толық интеграцияланбағанының белгісі.

Сондай-ақ, процестің ашықтығы мен бақылау мүмкіндігі пайдаланушыларға өз өтінішінің мәртебесін қадағалауға, жүйеге сенімділік арттыруға мүмкіндік береді. Бірақ кейде кадастрлық деректер толық цифрланбаған немесе ескіруі мүмкін, бұл пайдаланушылар арасында сенімсіздік тудырып, процестің сапасына кері әсер етуі ықтимал.

Онлайн кадастрлық қызметтердегі артықшылықтар мен кемшіліктердің өзара ұқсастығы - олардың бір жүйенің екі түрлі нәтижесі ретінде қаралуында. Бұл онлайн жүйенің қаншалықты тұрақты, толыққанды және тиімді жұмыс істеуіне байланысты. Егер жүйе толық цифрландырылып, техникалық және құқықтық негізде жетілдірілсе, артықшылықтары кемшіліктерден басым болары сөзсіз.

Кадастрлық деректерді жүйелеу мемлекеттің жер қорын тиімді басқаруына, ресурстарды әділ бөлуге және құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектеседі. Әсіресе ауыл шаруашылығында жердің нақты көлемі мен сапалық құрамын білу - аграрлық жоспарлаудың негізі. Сонымен қатар, жер кадастры бюджеттік жоспарлау, жер салығын есептеу, құрылыс салу мен экологиялық бақылау үшін де аса қажет.

Жүйелеу арқылы кадастрлық ақпараттар нақты құрылымға түсіп, түрлі мемлекеттік органдар арасында тиімді алмасуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жер ресурстарын басқару процестерін жеңілдетіп, ашықтықты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, әрбір азамат өзінің жер учаскесі жөніндегі құқығы мен міндеттерін анық әрі дәл біле алады.

Ежелгі дәуірлерде жерді тіркеу мен жүйелеу алғашқы қауымдық қоғамда да қолданылған. Қытай, Египет, Месопотамия сынды өркениеттерде суармалы егіншілікпен байланысты жерді есепке алу жүйелері болған. Мысырда Ніл өзенінің тасуынан кейінгі жер учаскелерінің шекараларын қалпына келтіру үшін алғашқы жер өлшеу тәжірибелері қолданылды. Бұл тарихи деректер жүйелі кадастрдың бастауы ретінде саналады.

Орта ғасырлардан бастап, Еуропа елдерінде феодалдық қатынастардың дамуына байланысты жер иеліктерін тіркеу маңызды мемлекеттік міндеттердің біріне айналды. 1086 жылы Англияда жасалған «Домесдей кітабы» - толыққанды ұлттық жер кадастрының алғашқы мысалы ретінде белгілі.

Қазақстан аумағында жер кадастрының бастамасы Ресей империясы құрамында болған кезде басталды. XIX ғасырдың соңында патшалық үкіметтің басқаруымен жер-су реформалары жүргізіліп, қазақ жерін отарлау мақсатында алғашқы жер өлшеу, картаға түсіру және иеліктерді тіркеу шаралары іске асырылды. Кеңес дәуірінде, 1920–1930 жылдары жерге орналастыру жүйесі дами бастады. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен колхоз-совхоз жүйесінің енгізілуі нәтижесінде жер кадастрын жүйелеу міндетті мемлекеттік шараға айналды. 1960 жылдары кадастрлық картография, геоботаникалық зерттеулер және аэрофототүсірілімдер кеңінен қолданыла бастады. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде, жер қатынастары түбегейлі өзгеріске ұшырады. 1991 жылдан бастап жекешелендіру үрдісімен қатар, мемлекеттік кадастрлық жүйені реформалау қажеттігі туындады. Бұл бағытта 2003 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Жер кодексі - жер қатынастарын құқықтық тұрғыдан реттеудің негізі болды. Кодекске сәйкес, мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (МЖК ААЖ) енгізілді. Бұл жүйе жер учаскелерін цифрлық форматта тіркеуге, олардың географиялық орналасуы мен құқықтық мәртебесін нақтылауға мүмкіндік берді.

Қазіргі заманғы кадастрлық жүйелеу ерекшеліктері. Бүгінде кадастрлық жұмыстар цифрландыру мен заманауи технологиялардың көмегімен жүргізіледі. Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ), спутниктік түсірілімдер, дрон арқылы аэрофототүсірілім және GPS-навигациялық жүйелер кадастр сапасын жаңа деңгейге көтерді. Бұл тәсілдер жер телімдерінің шекараларын дәл белгілеуге, табиғи-климаттық жағдайларға байланысты өзгерістерді жылдам тіркеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, онлайн кадастрлық мәліметтер базасы енгізілуінің арқасында жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер жерге қатысты қажетті ақпаратты электронды форматта жылдам ала алады. Бұл – жер нарығының ашықтығын арттырып, сыбайлас жемқорлық қауіптерін азайтатын маңызды қадам.

Жер кадастрын жүйелеу - тек тіркеу процесі ғана емес, сонымен қатар ұлттық жер саясатының негізін құрайтын стратегиялық құрал. Оның дамуы тарихи тұрғыда мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды фактор болған. Қазіргі уақытта кадастрлық деректерді тиімді жүйелеу Қазақстандағы жер қатынастарын заманауи деңгейге көтеруге, ауыл шаруашылығы мен жер ресурстарын басқаруда айқындық пен тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр.

2.2 Жер кадастрлық процестерді басқарудың әдістері

Жер кадастрлық процестерді басқару – бұл жер ресурстарын тиімді, ашық және заңға сай пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын кешенді іс-шаралар жүйесі. Кадастрлық процестер - бұл жер учаскелерін есепке алу, құқықтық тіркеу, бағалау, ақпаратты жаңарту, мониторинг жүргізу және оларды басқару үшін қажетті мәліметтерді әзірлеу мен талдау қызметтерін қамтиды. Осы процестерді дұрыс және тиімді басқару – елдің жер қорын ұтымды пайдалану мен аумақтық дамуын қамтамасыз етудің негізгі шарты.

Кадастрлық басқарудың негізгі мақсаты - жерге қатысты ақпараттың толықтығын, өзектілігін және қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, жер ресурстарының тиімді пайдаланылуына және құқықтық қауіпсіздіктің сақталуына жағдай жасау. Жүйелі басқару жер учаскелері туралы нақты және шынайы ақпараттың болуын, меншік және пайдалану құқықтарының қорғалуын, жер дауларын шешудің тиімділігін, мемлекеттік жер саясатының жүзеге асуын, жер нарығының дамуын қамтамасыз етеді. Бұл процестерді басқару үшін түрлі әдістер қолданылады. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, қолдану аясы және артықшылықтары бар.

Жер кадастрлық басқару саласында қолданылатын әдістерді үш негізгі топқа бөлуге болады:

Бұл әдістер мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы билік өкілдерінің және уәкілетті кадастрлық мекемелердің қызметін реттеу мен үйлестіруді көздейді. Олардың құрамына мыналар кіреді: нормативтік-құқықтық реттеу (ҚР Жер кодексі, "Мемлекеттік жер кадастры туралы" Заңы және т.б.),

лицензиялау мен бақылау (кадастрлық қызмет көрсететін ұйымдарға қойылатын талаптар мен тексеру жүйесі), сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау (аумақтық даму, жерге орналастыру жобалары және басқа да мемлекеттік бағдарламалар). Бұл әдістер басқарудың ең тұрақты және заңнамалық негізі мықты құралдары болып табылады. Алайда олар кей жағдайларда икемсіз болып, өзгермелі ахуалға бейімделуде қиындықтар туындатуы мүмкін

Экономикалық әдістер нарықтық механизмдер мен материалдық ынталандыруға негізделеді. Олар жер пайдаланушылар мен меншік иелерінің қызығушылығын арттырып, тиімді басқаруға түрткі болады. Экономикалық әдістерге жер салығы және төлемдер жүйесі, кадастрлық бағалау, жер нарығының дамуы және мемлекеттік субсидиялар жатады. Жер салығы мен төлемдер жүйесі жердің сапасына, орналасуына және пайдаланылу мақсатына байланысты сараланып, тиімді пайдалануға ынталандырады. Кадастрлық бағалау – жер учаскесінің нарықтық немесе шартты құнын анықтау арқылы оның экономикалық маңызын бағалауға мүмкіндік береді. Жер нарығының дамуы арқылы меншік иелері өз құқықтарын тиімді пайдаланып, жер ресурстарының айналымы артады. Мемлекеттік субсидиялар мен қолдау шаралары – ауылдық жерлерді игеру мен инфрақұрылымды дамытуда маңызды рөл атқарады.

Жер кадастрлық процестерді басқарудың заманауи әдістерінің бірі – ақпараттық технологияларды пайдалану. Бұл әдістер ақпараттың толықтығын, нақты болуын, қолжетімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, шешім қабылдау үдерісін жеңілдетеді. Мұндай әдістерге геоақпараттық жүйелер (ГИС), электрондық кадастрлық карталар, цифрлық тіркеу жүйелері, қашықтықтан зондтау мен дрон арқылы түсіру және автоматтандырылған шешім қабылдау жүйелері жатады. Геоақпараттық жүйелер жер учаскелерінің картографиялық мәліметтерімен бірге құқықтық және табиғи сипаттамаларын біріктіріп, кешенді талдау жасауға мүмкіндік береді. Электрондық кадастрлық карталар барлық тіркелген жер учаскелері жайлы мәліметтерді визуалды әрі интерактивті түрде ұсынуға жол ашады. Цифрлық тіркеу жүйелері мен ашық порталдар азаматтардың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін жеңілдетеді. Қашықтықтан зондтау технологиялары арқылы жер ресурстарының мониторингі тұрақты түрде жүргізіліп, мәліметтер жылдам жаңартылады. Бұл әдістер басқару сапасын арттырумен қатар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен ашықтықты қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

